



Сурет 5. Дайын құмыра

Қорыта айтқанда, үшөлшемді модельдеуді үйрену үшін Blender 3D бағдарламасын қолдану тиімді. Өйткені Blender 3D бағдарламасы тегін және өзінің мүмкіндіктерінде кең таралған ақылы бағдарламалардан кем түспейтін жалғыз бағдарлама. Және де осы Blender 3D бағдарламасын www.Blender.org ресми сайтынан көшіріп алуға болады.

Қолданған әдебиеттер тізімі


1. [kk.wikipedia.org/wiki/Blender_\(бағдарлама\)](http://kk.wikipedia.org/wiki/Blender_(бағдарлама))
2. Blender бағдарламасы
3. Blender 3D бағдарламасының ресми сайты: www.blender.org

Ерсултанова З.С.¹, Зиятов А.М.²


1. *Ғылыми жетекші, физика-математикалық ғылыми кандидаты, аға оқытушы*
2. *«Информатика» мамандығының 2 курс студенті, информатика және компьютерлік технологиялар кафедрасы*

ТҰСАУКЕСЕР ЖАСАУҒА «PREZI» БАҒДАРЛАМАСЫН ҚОЛДАНУ

Веб-сервисте мультимедиялық материалды өңдеу үшін Prezi.com сайтында тіркеуден өту керек (Сурет1). Және Prezi бағдарламасын дербес компьютерге жүктеп алу керек(Сурет 2).




Сурет1. Сайтқа тіркелу




Сурет2. Prezi бағдарламасын компьютерге жүктеу

Prezi.com онлайн сервис сайты үш қаптамадан тұрады: **Бірінші қаптама** *Your prezis* – мұнда сіз презентация құруды бастауға немесе бұрын құрылған презентацияны толықтыруыңызға болады. **Екінші қаптама** *Learn* – оқыту: мұнда сайтқа тіркелу жолдары, онлайн презентацияны бастауды үйретеді. **Үшінші қаптама** *Explore* – мұнда әртүрлі фирмалар мен компаниялардың дайын презентацияларын көруге болады [1].




Сурет3. Дайын презентация үлгісі

Тіркелген соң, презентациялық үлгінің біреуі таңдалып, материал өңделеді. Таңдау беті келесідей кескіннен тұрады (Сурет 4).



Сурет 4. Prezi презентациялық үлгіні таңдау беті


Презентациялық бет таңдалғаннан соң, беттің қажет деп табылған бөлігіне мультимедиялық материал орнатудан бастаймыз. Төмендегі суретте мәтін өңдеу құралының көмегімен мәтінді теріп, мәтінге қажетте барлық параметрлерді орнатамыз (Сурет 5). Көрсетілген пиктограммалардың көмегімен мәтінге қажет деп табылған параметрлер қойылады.



Сурет 5. Мультимедиялық материал орнату

Prezi веб-сервисінің меню жолы үш топқа бөлінеді. 1. Фреймдер орнату беті 2. Аудио, видео, сурет қою беті 3. Тақырыптар қою беті. Осы үш менюдің көмегімен презентациялық материалдың интерфейсін, дизайнын жақсартуға болады. Фреймдер орнату менюінің көмегімен презентациялық беттерді құрылымға бөлуге, мазмұны жағынан, логикалық құрылымы бойынша топтастыруға болады [2].

Фреймдерді орнату менюі көмегімен материалға аудио, видео, сурет, диаграмма, Power Point материалын қоюға болады(Сурет 6).Тақырыптар қою менюінің көмегімен байланыстырушы құралдарды, тақырыптарды мазмұнына қарай топтастырып қолдануға болады.




Сурет 6. Аудио, видео, сурет кою беті.

Осы презентацияны құру барысында барлық презентация бір ғана бетте орналасқанын айту керек. Мұнда жеке слайдтар жоқ. Сондықтан объекттерді презентацияға қосып, оларды қажетті реттілікпен өзара жалғастыру керек. Ол үшін *Path* батырмасын басып, тізбекпен объекттерді және презентация элементтерін таңдап отыру керек. Осы кезде оларға жақындап немесе алыстай отырып, әртүрлі эффекттер енгізуге болады. Осы істегендерді сақтау үшін *Prezi - Capture View*-ді орындау керек [3].



Сурет 7. Слайдтарды қосу үлгісі.

Жаңа презентацияны көру үшін *Show* батырмасын басу керек.



Сурет 7. Презентацияны көру.

Prezi бағдарламасы студенттерге веб сервистің көмегімен сызықтық емес құрылыммен мультимедиялық интерактивті презентацияларды құруды үйретеді. Оларды кәсіптік ақпараттық мәдениетке, кәсіби сауаттылыққа тәрбиелей отырып, болашақ мамандығына байланысты кәсіби бағыт береді.

Prezi бағдарламасында жұмыс жасау коммуникативтік дербес компьютерді еркін қолдануды, Интернет желісін дұрыс пайдалануды қалыптастырады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. <http://www.slideshare.net/Aybek82/prezicom-54575855/Prezi.com> бағдарламасымен презентация жасау.
2. <https://www.youtube.com/watch?v=XZdiaxfSnHo>/Prezi бағдарламасында презентация құру.
3. <http://lifevinet.ru/grafika/prezi-online.html>/Как создать презентацию онлайн сервисом Prezi.

Оспанова Ш.Б.¹, Қайырбек М.С.²

1. *Ғылыми жетекші, жаратылыстану ғылымдарының магистрі, аға оқытушы*
2. *«Информатика» мамандығының 4 курс студенті, информатика және компьютерлік технологиялар кафедрасы*

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ БЕЙНЕ ҚҰРЫЛҒЫЛАР АРҚЫЛЫ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Біріккен ұлттар ұйымының шешімімен «XXI ғасыр – ақпараттандыру ғасыры» деп аталды. Қазақстан Республикасы да ғылыми-техникалық прогрестің негізгі белгісі – қоғамды ақпараттандыру болатын жаңа кезеңіне енді. Қоғамды ақпараттандыру – экономиканың, ғылымның, мәдениеттің дамуының негізгі шарттарының бірі. Осы мәселені шешудегі басты рөл мектепке жүктеледі.